Ы ТУЫ

ІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ктябрь Жұма жеке саны 20 тыйын. Шығуына 33 жыл

*Барлық жеңістерімізділ дем берушісі және ұйымдастырушысы—Совет Одағының Коммунистік партиясы, Лениннің—Сталиннің ұлы партиясы жасасын!*

(Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған ұрандарынан)

# омитетінің Ұлы Октябрь социалистік ының 35 жылдығына арнаған ҰРАНДАРЫ

керлері! Жаңа энергетикалық қуаттарды неғұрлым тез іске қосыңдар! Озат техниканы кеңінен енгізіңдер! Халық шаруашылығының өсіп отырған тілегін электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз етіп отырыңдар!

28. Совет металлургтері! Металлургия және кен-руда кәсіпорындарының қуатын пайдалануды жақсартыңдар, өндіріс процестерін механикаландыруды және автоматтандыруды күшейтіңдер! Еңбектің озат әдістерін кеңінен енгізіңдер! Елімізге шойынды, болатты, прокатты, түсті металдарды көп берейік!

29. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техникері! Мінсіз жаңа машиналар, аспаптар және жабдықтар жасауды неғұрлым тез меңгеріп, ұлғайтыңдар! ССРО Халық шаруашылығының барлық саласында қуатты техниканы онан әрі алға бастырудың негізі — машина жасау өнеркәсібін күшті қарқынмен өркендетуді қамтамсыз етейік!

30. Автомобиль және трактор өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа техниканы өндіріске кеңінен енгізіңдер, өнімнің сапасын жақсарта беріңдер! Елімізге автомобильдер мен тракторларды көп берейік!

31. Кеме жасау өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Кеме жасаудың техникасы мен сапасын арттыра беріңдер! Жаңа кемелерді тез жасаңдар! Совет мемлекетінің қуатты флотын жасайық!

47. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, зоотехниктер және мал дәрігерлік қызметкерлер! Қоғамдық мал шаруашылығын мейлінше өркендетіңдер! Қысқы жағдайда малдың үлгілі күтілуін қамтамасыз етейік! Етті, сүтті, жүнді және мал шаруашылығының басқа өнімдерін көп берейік!

48. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Ауыл шаруашылығы ғылымының және егіншілік пен мал шаруашылығындағы озаттар тәжрибесінің табыстарын колхоз бен совхоз өндірісіне кеңінен енгізіңдер! Агрономиялық және зоотехникалық білімдерді қажырлылықпен меңгеріңдер!

49. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Қоғамдық шаруашылықты онан сайын нығайтып, барлық жағынан өркендету үшін, колхоздар мен колхозшылардың табысын көбейту үшін күресіңдер! Еңбек тәртібін нығайта беріңдер! Колхоз тұрмысының негізгі заңы— ауылшаруашылық артелінің Уставын қасиеттеп орындаңдар!

50. Машина- трактор станцияларының қызметкерлері! Колхоз өндірісінің барлық салаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды ұлғайтыңдар, техниканы жақсы пайдаланыңдар! Тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын мезгілінде және сапалы етіп жөндеңдер!

51. Мақта егуші колхоздардың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, совхоздар мен МТС-тердің қызметкерлері, мақта шаруашылығының мамандары! Мақтаны неғұрлым тез жый-

## М. Д. Власенко жолдасты Қазақ ССР совхоздар Министрі етіп тағайындау туралы

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указы

Михаил Дмитриевич **Власенко** жолдас Қазақ ССР совхоздар Министрі болып тағайындалсын.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,
1952 жылғы 29 октябрь.

## Колхозшылар қуанышы

БУЛАЕВО, **(Өз тілшімізден телефон арқылы алынды).** Сталин атындағы колхоздың қоғамдық байлығы барған сайын арта түсуде. Партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен және Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген данышпандық сөзімен жігерленген колхозшылар өндірісте қажырлы еңбек етіп, жаңа табыстарға жетуде.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын колхозшылар

тын қажымай-талмай нығайта беріңдер!

18. Отанымыздың қасиетті шекарасының қырағы күзетшілері —совет шекарашылары жасасын!

19. Совет Одағының жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы! Коммунистік партияның XIX съезі алға қойған тарихи міндеттерді ойдағыдай орындайық! Коммунизм құрылысында жаңа жеңістерге жетейік!

20. Совет Одағының еңбекшілері! Бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысты кең өрістетіңдер! Халық шаруашылығын жаңадан мықтап өркендету, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін арттыру үшін, совет мемлекетінің қуатын онан әрі нығайту үшін күресіңдер!

21. Совет Одағының жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы! Ғылымның, техниканың және озат тәжрибенің табыстарын халық шаруашылығының барлық саласына неғұрлым батыл енгізіңдер! Еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруды қамтамасыз етіңдер!

22. Совет Одағының еңбекшілері! Өндірістің резервтерін ашып, кеңінен пайдаланыңдар, шаруашылық құрылысының барлық участоктерінде үнемшілік тәртібін мүлтіксіз қолданыңдар! Шикізатты, отынды, материалдарды, электр қуатын үнемдеңдер! Өнімнің өзіндік құнын кемітіңдер!

23. Кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері, басшылары! Шығарылатын өнімнің сапасын күннен-күнге жақсарта беріңдер, өнеркәсібімізді және халықты өте сапалы жабдықтармен, материалдармен және товарлармен қамтамасыз етіңдер!

24. Совет Одағының еңбекшілері! Ұлы құрылыстарды — су электр станцияларын, каналдарды және жер суару жүйелерін ойдағыдай жүзеге асырып, коммунизм құрылысы ісіне жаңа үлес қосайық!

25. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Көмір кендерін пайдалану әдістерін жақсарта беріңдер, көмір шығаруды механикаландыруды барынша күшейтіп, жетілдіре беріңдер! Жаңа шахталарды неғұрлым тез және жақсы салыңдар! Халық шаруашылығына өте сапалы көмірді мейлінше көп берейік!

26. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Мұнай шығаруды және мұнай айыруды күшті қарқынмен өркендету үшін күресіңдер! Мұнай шығатын жаңа орындарды тез меңгеріңдер және мұнай айыратын заводтарды тез салыңдар! Өте сапалы мұнай өнімдерін шығаруды ұлғайтыңдар!

27. Электр станциялары мен электр жүйелерінің қызмет-

лы, түр-түрінің көп болуын қамтамасыз етіңдер! Халыққа керекті қантты, майды, ет, сүт өнімдерін және басқа өнімдерді көп берейік!

39. Балық өнеркәсібінің қызметкерлері! Балық аулауды ұлғайтыңдар, балық өсіруді күшейтіңдер, шығарылатын өнімнің сапасын арттырыңдар! Кәсіпшілік флотын және балық аулау құралдарын жақсы пайдаланыңдар!

40. Жергілікті өнеркәсіптің және кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Көпшілік тұтынатын товарларды көп шығарыңдар, жергілікті құрылыс материалдары өндірісін ұлғайтыңдар!

Бұйымдардың сапасын арттырып, өзіндік құнын кемітіңдер! Еңбекшілердің тұрмыс қажетін жақсы өтеңдер!

41. Совет геологтары! Табиғат байлықтарын барлау жұмысын күшейтіңдер, кен барлау жұмыстарының техникасын жетілдіре беріңдер! Отанымыздың сарқылмас кен байлықтарын неғұрлым тез ашыңдар!

42. Совет теміржолшылары! Темір жолдардың жүк өткізу қуатын арттыру үшін күресіңдер! Жүк айналымын ұлғайтып, тасымалдың өзіндік құнын кемітіңдер! Паровоздар мен вагондарды пайдалануды мейлінше жақсартыңдар! Жолаушыларға жақсы қызмет етіңдер! Транспорттың қысқы жағдайда жұмысты тоқтаусыз атқаруын қамтамасыз етіңдер!

43. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Халық шаруашылығына керекті жүктерді неғұрлым тез жеткізіңдер! Тасымалдың көлемін ұлғайтыңдар, кемелердің айналымын тездетіңдер, порттардың және кеме жөндейтін заводтардың жұмысын жақсартыңдар! 1953 жылғы кеме қатынасы маусымына үлгілі әзірленіңдер!

44. Байланыс қызметкерлері! Байланыс құралдарын өркендетіп, жетілдіре беріңдер! Почта, телеграф, телефон, радио жұмысының сапасын арттыра беріңдер! Халыққа қызмет етуді жақсартыңдар!

45. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері! Ауыл шаруашылығындағы басты міндетті орындау —барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малды онан әрі көбейту, мұнымен бірге оның өнімділігін едәуір арттыру үшін қажырлылықпен күресіңдер! Халқымыз үшін азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасайық!

46. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары! Астық, мақта, қант қызылшасын, майлы, жемшөптік дақылдар және басқа ауылшаруашылық дақылдарын өндіруді мейлінше ұлғайта беріңдер!

58. Медицина қызметкерлері! Х
ісін жақсартып, өркендетіңдер, емде
лерінің жұмысындағы мәдениеттілік
цина ғылымының табыстарын пра

59. Совет кәсіподақтары! Бесін
орындау және асыра орындау жолын
ты кең өрістетіңдер! Өндіріс жаңаш
ратыңдар! Жұмысшылар мен қызме
мәдениет дәрежесін онан сайын арт
көрсетіп отырыңдар!

Коммунизм мектебі —совет кәс

60. Совет әйелдері! Ұлы Отаны
мәдениетін онан сайын гүлдендіру
Коммунизмнің белсенді құрылыс
жасасын!

61. Коммунизмнің жас құрылыс
ряды, Совет Одағының Коммунистік
мекшісі және резерві —Ленин—Ста

62. Совет елінің жас жігіттері
ды, техниканы және мәдениетті мең
болыңдар, қиыншылықтардың қан
даяр тұрыңдар! Өз еңбектеріңмен с
құрылысындағы табыстарын көбейте
Біздің даңқты совет жастары ж

63. Пионерлер мен мектеп оқу
лықпен және қажырлылықпен меңг
және қоғамдық жұмыста табыстарға
лениншілдер, ұлы Отанымыздың ад
ланыңдар!

64. Коммунистер мен комсомоле
жоспарды орындау және асыра оры
коммунизм орнату жолындағы күрес
да болыңдар!

65. Еліміздің халықтарының до
рік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі
тірегі —ұлы Советтік Социалистік
сасын!

66. Барлық жеңістеріміздің дем
тырушысы —Совет Одағының Комм
нің—Сталиннің ұлы партиясы жас

67. Лениннің туы астында, Ста
мунизмнің жеңісіне қарай алға бас

## *Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Ко*

## ...МСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

# ...өзара сын жағдайында өтті

### ...дағы завод комсомол ұйымының есеп ...ру-сайлау жыйналысынан

...комсомол ұйы-
...жыйналысы ком
...ділігімен өтті.
... бір жыл ішін-
...мол комитетінің
...дас есепті баян-

...ұйымының қол
...көрсетумен бір-
...кемшіліктерді
...е тоқталды. За-
... жастары өнді-
...лық және асыра
...ықпен еңбек ету
...бригадасы «мін-
...бригадасы» ата-
...алистік жарысқа
...Веленкова мен
...дың басқарған
...жарыста алған
...орындап, завод
...мсомолец-жастар
...есі құрметіндегі
...уын жоғары ұс-

...мол ұйымы бар-
...дірісте авангард-
...ісе алмады. Мұ-
...теті өзінің күн-
...мсомол ұйымда-
...ларымен тығыз
... басшылық жа-
...і есеп бері...
...астар бригадала-
...с өткізген емес.
...сындағы саяси-
...улі кемшіліктер

...на жарыссөз қы

...олып сөз сөйле-
...ай деді:
...тің жайын нақ-
...

ғаттанып келді. Олар озаттардың іс тәжрибелерін кеңінен насихаттап, артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу мәселесімен шұғылданбады. Бірқатар жастар мен комсомолецтердің өндірістік тапсырмаларын орындай алмауы тек осыдан деуіміз керек.

Клишина жолдас сөзінің соңында комсомол комитетінің ерікті қоғам ұйымдарының жұмысына басшылығы жеткіліксіз болып келгеніне тоқталды.

Комсомолец Садовникова жолдас өзінің сөзін комсомолецтердің саяси оқуының жайына арнады.

—Біздің үйірменің насихатшысы Пронин жолдас, —деді ол, —әзірліксіз келіп, сабақты қалай болса солай өткізеді. Ал, комсомол комитеті насихатшының сабақ беруін бақыламайды. Комсомол комитетінің жаңа құрамы комсомолецтердің саяси оқуының идеялық жоғары дәрежеде өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Губанов жолдас заводтың шаруашылық басшыларының жұмысындағы кемшіліктерді сынады. Ол заводтың директоры Билык жолдастың ескі құрал-жабдықтарды қалпына келтіру жөніндегі жастардың дабылына көп уақыт құлақ аспай келе жатқанын айтты.

Чекунов жолдас өзінің сөзінде заводтың біркелкі жұмыс істемеуіне тоқталды.

—Завод, —деді ол, —айдың алғашқы жартысында шикізатпен қамтамасыз етілмейді. Осының салдарынан көп станоктар уақытын босқа өткізеді. Ал, айдың екінші жартысында асығыстыққа салынамыз. Мұның өзі өндірістік жоспарды орындау мәселесіне көп нұқсан келтіруде. Заводтың дирекциясы мен комсомол комитеті мұндай кемшілікті жою үшін тиісті шаралар қолдануы қажет.

Жарыссөзде барлығы 18 комсомолец сөз сөйледі.

Есеп беру-сайлау жыйналысы комсомол...



Алматының М. Горький атындағы мәдениет және демалыс паркінде балалар темір жолы ашылды. Бұл жол—«Кіші Турксиб» деп аталады. Жолдың ұзындығы 1200 метр.

СУРТТЕ: саяхатқа аттанған пионерлер. **(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Келесі жылдың есебіне

АКТӨБЕ. (ҚазТАГ). Дон хромит рудниктерінің кеншілері партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мен Сталин жолдастың сөзін зор ынтамен оқып үйренуде. Рудниктерде, көмекші кәсіпорындарда съезд материалдары туралы әңгімелер өткізілуде.

Съезд қарарлары болашақтың жауынгерлік программасы деп бағалануда.

—Коммунистік партия, ұлы Сталин,—деді экскаватор машинисі Григорий Сазанов, —бізге жарық болашақтың — коммунизмнің жолын көрсетуде. Бесінші бесжылдық жоспарда көзделген кен өнеркәсібін өркендетудің қаншалықты маңызы бар

## Совет Одағының Коммунистік партиясы мүшелерінің есіне

Партияның XIX съезінін есеп комиссиясының байқамауы себепті съезд сайлаған Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттардың тізіміне Л. А. Говоров жолдастың фамилиясы кірмей қалған.

Тексере келгенде Л. А. Говоров жолдастың СОКП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланғаны анықталды.

**СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СЕКРЕТАРИАТЫ.**

# Ауыл-селолық Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің міндеттері қойылды. Ол міндеттер—ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыра беру, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын онан әрі өркендету, ауыл-селоның мәдениет дәрежесін жақсарта беру болып табылады.

Ауыл-село еңбекшілерінің саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, оларды еңбектің жаңа табыстарына жұмылдыру жергілікті Советтердің ардақты ісі, абройлы борышы болып саналады. Өйткені, жергілікті Советтер бұқаралық ұйымдар болғандықтан еңбекшілерді саяси- шаруашылық міндеттерді орындау күресіне жұмылдыруда зор роль атқарады.

Ауылдық- селолық Советтердің атқомі өзінің төңірегіне ең алдымен депутаттар мен активтерді тығыз топтастыруға тиіс. Демек, солар арқылы барлық жұмысты ұйымдастырып отыруға, активтерді совет жұмысын басқаруға үйретіп отыруға міндетті.

Бірақ,Преснов ауданының кейбір ауылдық-селолық Советтерінің атқомдері шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылық жасау жөніндегі міндеттерін ойдағыдай орындай алмай келеді. Мұның мәнісі Советтердің ұйымдастыру- көпшілік жұмысының дәрежесі өте төмен болуынан деуіміз керек. Төмендегі фактілер осы пікірімізді дәлелдейді.

Спасовка селолық Советінің атқомі...

ғандықтан ол «қаулылардың» орындалуы жөнінде қандай сөз болуы мүмкін.

Мұндай кемшіліктер Баян,Преснов ауылдық-селолық Советтерінің жұмыстарында да жоқ емес. Баян ауылдық Советі (пред-седателі Қалин жолдас) тоқшындықтардың үндеуі бойынша республикалық социалистік жарысқа ұштасып, колхоздың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын онан әрі өркендету, ауылдың мәдениетін жақсарту жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алған. Бұл —игілікті іс. Бірақ, ауылдық Советтің атқомі, оның председателі Қалин жолдас міндеттеме қабылдаумен ғана барлық істі тындырып, колхозшы шаруалар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету жөнінде мардымды ештеңе жүргізбеген. Осының салдарынан селолық Советтің социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерінің кейбірі, атап айтқанда ауылды көгалдандыру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемелер мүлде қанағаттанғысыз орындалуда.

Колхозда стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығының озаттары көптеп саналады. Мәселен, тракторшы депутат А. Шақабаев трактор жұмысының жылдық жоспарын он айда орындап, көптеген килограмм жанар және жағар майын үнемдеді. Депутат Қалықова жолдас колхоз өндірісіне белсене катынасып, бір жылда 400-ге жуық еңбеккүн тапты. Колхозшы Иван Романенко жолдас астық тазалайтын ма...

әзірленіп, оны қызықты өткізеді. Баймашев жолдас соңғы бір сабақтың алдында үйірме тыңдаушыларын И. В. Сталин жолдастың «ССРО-дағы социализмнің экономикалық проблемалары» деген жаңа еңбегімен таныстырды.

ке деген ынтасы арта түсуде.

Мәселен, комсомолец Үкенов «С—80» тракторымен егін жыйнауда күндік тапсырмаларды асыра орындап отырса, қазір ол комсомолецтер мен жастарға съезд материалдарын оқып түсіндіруде. Комсомолец

материалдарымен және көсеміміз Сталин жолдастың тарихи сөзімен жігерлене отырып, Ұлы Октябрьдің 35 жылдық мерекесін еңбек майданында лайықты табыстармен қарсы алуға әзірленуде.

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Верхуба ауданының орман ішінде орналасқан Қарақож деген ауылында жаңа кітапхана ашылды. Кітапхана үйі кең, әрі жарық. Кітапханада мың томнан аса көркем әдебиет, саяси және арнаулы әдебиет кітаптары бар.

суге барған колх
кезінде Петропавл
шылық артельде
жуық жерден ж
нап, 2354 тонна
ды.

# Колхоздардың бөлінбейтін қорларын толықтыру және оны дұрыс пайдалану—басты міндет

Партиямыздың XIX съезі қабылдаған директиваларда халық шаруашылығын онан сайын өркендетіп, дамыта берудің нақтылы шаралары белгіленді. Демек, съездің директивалары елімізде социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту міндетін мінсіз жүзеге асырудың программасы болып саналады.

Бесінші бесжылдықта социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына өте маңызды және аса зор міндеттер қойылып отыр. ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларда былай делінген:

«Ауыл шаруашылығы жөніндегі басты міндет алдағы уақытта да барлық ауыл-шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығындағы озат техника мен агрономиялық мәдениетті өндіру негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту болып қала береді.

Егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендеген екпе шөбі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға, техникалық, жемшөп, овощь дақылдары мен картоп егісі көлемінің үлес салмағы неғұрлым жоғары болуға тиіс».

Бұл аса маңызды міндеттерді жүзеге асыру социалистік ауыл шаруашылығын барған сайын гүлдендіре түседі, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта береді, колхозшылардың әл-ауқатын арттырып, мәдениет дәрежесін көркейте береді деген сөз. Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда олардың бөлінбейтін қорын үнемі толықтырып отырудың және оны дұрыс пайдаланудың зор маңызы бар. Колхоздарда егін және мал шаруашылығының өнімділігі неғұрлым артса, солғұрлым бөлінбейтін қордың мөлшері де арта түседі. Демек, бөлінбейтін қорды молайту, егін шаруашылығының мәдениетін көтеріп, одан мол өнім алуға, мал шаруашылығын мықтап өсіріп оның продуктылығын мейлінше арттыруға тікелей байланысты. Олай болса, ауыл шаруашылығының қызметкерлері ең алдымен егін және мал шаруашылығын жаңа талаптар дәрежесіне сай өркендете білулері керек.

Ауыл шаруашылығы артелінің сталиндік Уставында колхоздардың бөлінбейтін қоры қаржысының қайдан және оның қалай, қанша мөлшерде түсуге тиіс екендігі айқын көрсетілген. Уставтың 12-статьясында колхоздың ақшалай барлық кірісінің 15—20 процентке дейінгі бөлінбейтін қорға бөлінуі керек делінген. Сонымен қатар Уставта бөлінбейтін қордан күрделі құрылысқа деген қаржыны колхоздың қоғамдық шаруашылығына дұрыс пайдалану талап етілген. Күрделі құрылысқа бөлінген қаржы көбінесе колхоздардың құрылыс жұмысарына, атап айтқанда басқарманың кеңсесі, клуб, мал қораларын салуға, егіндік алаңға ағаш отырғызуға, егін және мал шаруашылығына керекті машиналарды алуға, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға пайдаланылуы керек.

Партия мен үкметіміздің күнбе-күнгі зор қамқорлығының нәтижесінде облысымыздың ауыл шаруашылығы жылдан жылға өркендеп, өсіп келеді. Облысымызда үстіміздегі жылы 1942 жылғымен салыстырғанда барлық ауылшаруашылық дақылдар егісінің алаңы 132,3 процент артты. Оның ішінде тек дәнді дақылдар бойынша егіс алаңы 119,8 процент артып отыр. Осы мерзімнің ішінде сыйыр малының саны 176,3 процент, қой-ешкі 147,4 процент, жылқы 173,2 процент, шошқа 185,5 процент өсті. Мұның нәтижесінде колхоздардың заттай және ақшалай кірісі арта түсті. Үстіміздегі жылы 1940 жылмен салыстырғанда колхоздардың бөлінбейтін қоры екі еседен артты.

Бөлінбейтін қорды толықтыруда және оны дұрыс пайдалануда игі табыстарға жетіп келе жатқан колхоздарымыз аз емес. Мәселен, Петропавл ауданындағы Сталин атындағы және «Луч Ленина» колхоздарында бөлінбейтін қордың мөлшері жылдан-жылға өсуде. Сталин атындағы колхоздың бөлінбейтін қоры 2.026.615 сомнан артты. Бұл қаржы колхоздың құрылысына, мал қораларын салуға, егін және мал шаруашылығын механикаландыруға, тағы сондай колхоздың бүгін таңдағы қажетті қоғамдық шаруашылығына жұмсалып отыр. Осы колхозда күрделі құрылысқа деп бөлінген қаржыға колхоздың сыйыр малына арналған стандартты қора, 200 төл орналастырылатын төл үйі салынды. Фермаға 216 сыйыр малы, тағы басқа асыл тұқымды малдар, жүк тасыйтын автомашина, 25 арба сатып алынды.

«Луч Ленина» колхозында үстіміздегі жылдың 1 январына бөлінбейтін қордың қаржысы 1.107.102 сомға жетті. Колхоз басқармасы, оның председателі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Бәукенов жолдас бұл қаржыны ауылшаруашылық артелінің сталиндік Уставында қойылған талапқа сай орынды-орнына дұрыс пайдаланып келеді. Артель мүшелері және колхоздың басқармасы бөлінбейтін қорды толықтыра беру мақсатымен колхоздың егін және мал шаруашылығын өркендете беру міндетіне белсене кірісіп отыр.

Преснов ауданындағы Ленин атындағы, Маленков атындағы және «Новый свет» колхоздары өздерінің бөлінбейтін қорына деп мемлекеттік банкке 50 мың сомнан 76 мың сомға дейін қаржы өткізді. Ал, ауданның колхоздарын тұтас алғанда, олар өткен 9 ай ішінде бөлінбейтін қорға жүз мыңдаған сом қаржы бөлді.

Алайда, облысымыздың кейбір колхоздарында бөлінбейтін қорды толықтыру және оны пайдалану тиісті дәрежеде емес. Өткен жылы жекелеген колхоз басқармалары бұл қаржыны пайдалану жөнінде Уставта көрсетілген ережелерді көріне-көзге бұрмалады. Мұндай фактілер көбінесе Октябрь, Конюхов, Ленин, Совет, Приешім аудандарының колхоздарынан кездесті. Октябрь ауданының колхоздары жыл аяғына дейін 453 мың сомды, Ленин ауданының колхоздары 543 мың сомды, Конюхов ауданының колхоздары 577 мың сомды өздерінің бөлінбейтін қорына салмай, бұл маңызды мәселеге жете назар аудар-

мады. Совет ауд
дағы, Аманкелді
хоздары мен При
келді атындағы
бола тұрса да, өз
толықтырмады.

Облыстың кей
жылғы осы к
отыр. Мәселен, С
кин атындағы к
бөлуге тиіс 27 м
3 мың сом, Буде
75 мың сомнан
ген. Соколов ауд
октября», Булаев
атындағы колхоз
мың сомға дейін
қаржыны мемл
келеді.

Бөлінбейтін қ
делінген қаржын
лық фактылары
данындағы «Қаз
колхозының бас
манғожин жолда
мың сомды алып
самаған. Осы а
Киров атындағ
колхоздарында д
сын дұрыс пайда
отыр. Мұның өзі
телінің Уставын
болып табылады

Колхоздарда б
қаржыны уақыт
өткізу және ол
дұрыс жұмсалу
нақтылы басшы
дық ауылшаруа
ті. Бірақ, Октяб
да аудандардың
лық бөлімдері
алмай келеді. С

# ...арды мерзімінен ...орындайық

...тамы социалистік жарыс
...ек өнімділігін арттыру
...ын жақсарта беру ісінде
...ктің тамаша үлгілерін

...еңбек өнімділігін өте жо-
...маша стахановшылардың
1952 жылдың жоспарын
... артығымен орындап,
...дардың есебіне жұмыс
...ысшылар көптеп сапа-
...паровоз деposының тока
...зеровщигі Федоров, Ки-
...отың слесарі Гаврилов,
...ер заводының жөндеуші
...басқа жүздеген жолдас-
...екі жылдың жоспарын
...дындағы борышын қа-
...абройлы түрде өтеді.
...мыс тәжрибесінен үлгі
... цехтар коллективтік
...е көшуде. Мұндай ста-
...ісіне көшкен шағын
...ында үш цех, электр
...а төрт, паровоз депо-
... 500-ге жуық брига-
...ы сапалы өнім шығару
...алу үшін өзара социа-
...скен. 1952 жылдың
...лық тапқыш ұсыныс-
...ізудің нәтижесінде 4
... мемлекет қаржысы

...ғы кәсіпорындарының
...рмен қатар, кемшілік-
...йбір заводтар мен фа-
...ік артельдері ай са-
...арды орындамай, мем-
...ыпсыз ұстауда. Оның
... өнімнің сапасын жақ
... Мұндай кәсіпорында-
...лдымен Киров атында
...олады.
...оспарын 83,6 про-
...ін арттыру жөніндегі

...ның басшылары социалистік жарысқа жө-те мән бермей, оны ұйымдастыруға жеңіл-желпі қарайды. Социалистік жарысты қағаз жүзінде ұйымдастырып, алынған міндеттемелерді орындау жұмысын бақыламайды, міндеттемелердің мерзімінде орындалуына жұмысшылар коллективін жұмылдыруды негізгі міндетіміз деп есептемейді. Ондай кәсіпорындарының басшылары социалистік жарысты мереке алдында және мереке біткеннен кейін онкүндік немесе айлық қорытынды шығарылар кезекте мәжліс пен жыйналыстарда сөз қылып, думанға айналдырады. Оған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Темір жол бөлімшесінің бесінші дистанциясында (дистанция бастығы Цветков, партия ұйымының секретары Левин) жеке адамдардың алған міндеттемесінде «жұмыста ақау жіберілмесін», «жұмысқа кешігіп келу болмасын», «өндірістік программа 100 процент орындалсын» деген пункттер бар. Тігін фабрикасы жұмысшыларының алған міндеттемесінде де «машинаның жайын бақылап, оны майлап отыру керек» деген сөз жазылған. Мұны социалистік жарыс шартына жазудың қажеті жоқ, бұл әр кімнің тәртіп бойынша орындауға жауапты міндеті екендігі өзінен өзі түсінікті.

Бірқатар кәсіпорындарының басшылары социалистік жарысқа коллективті толық тартуға немқұрайды қарайды. Мәселен, «Главмука» заводтарында жұмыс істейтін 350 адамнан партияның XIX съезінің құрметіне және Октябрь революциясының 35 жылдығы құрметіне 14-ақ адам міндеттеме алған. Қалған жүздеген жұмысшылар социалистік жарысқа тартылмаған, мемлекеттік жоспарды орындау ісіне араластырылмаған. Оның үстіне жарыстың қорытындысы бірінші тоқсанда ғана шығарылып, одан кейінгі уақытта «Главмука» басшылары социалистік жарыстың ...



«Екпінді» кәсіпшілік артелінің жұмысшысы Меңдібай Ғизатуллин 9 айлық жоспарды 265 процент орындады. Октябрь революциясының 35 жылдығы мерекесі қарсаңындағы жарысқа ұштаса отырып, ол жұмыс нормасын 3 есе орындауға міндеттеме алды. Ол міндеттемесін аброймен орындауда.

СУРЕТТЕ: Күн сайын жұмыс нормасын 300 процент орындаушы Меңдібай **Ғизатуллин** жолдас.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Мерекеге әзірлік

Қаладағы жұмысшы клубтары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесіне арнап, мерекелік концерттер беруге қызу әзірлік жүргізуде.

Мәселен, Киров атындағы завод клубының көркемөнер дарындылары Пушкиннің «Борис Годунов» деген драмасынан үзінді дайындауда. Көркемөнер үйірмесінің мүшесі Н. Иващенко — Долматовскийдің «Сот» атты поэмасынан, Леонид Меньшин —Гогольдің «Тарас Бульбасынан» үзінді оқып беруге әзірленіп жүр.

Көркемөнер дарындыларының концерт ...

# Мал шаруашылығы өнімдерін мол дайындайық

☆ ☆

## Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау—кезек күттірмейтін міндет

Партияның XIX съезінің қарарлары мен кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген тарихи сөзі облыс мал өсірушілері арасынан жаңа еңбек өрлеуін туғызуда. Облыс мал өсірушілері Октябрь революциясының 35 жылдық мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, малға құнарлы жемшөп, жайлы қоралар әзірлеуде.

Еліміздің экономикалық күш-қуатын онан әрі арттыра беруде мал шаруашылығы өнімдерін мол дайындаудың зор маңызы бар. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары малды бағып, күтуді жақсартудың нәтижесінде мал өнімдерін дайындауда айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Мәселен, 20 октябрьге дейін мемлекетке ет тапсыру жоспарын 27 колхоз, сүт тапсыру жоспарын 19 колхоз және жүн тапсыру жоспарын 10 колхоз орындады.

Приешім ауданындағы «Борьба» колхозы (председателі И. Лямкин жолдас) мемлекетке ет, сүт, жүн тапсырудың жылдық жоспарын июнь айының өзінде толық орындап шықты. Кәзіргі уақытта бұл колхоз 1953 жылдың есебіне мал өнімдерін тапсырып жатыр. Колхоз быйыл мал өнімдерінен көптеген кіріс тапты. Бір ғана жүннен 12 мың сом ақшадай пайда тапты.

Полудень ауданындағы Тельман атындағы, Конюхов ауданындағы Молотов атындағы колхоздар да мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспарын толық орындады. Ал, Октябрь ауданындағы Степан Разин атындағы, «Щит», Полудень ауданындағы «Прогресс», «Пламя революции» колхоздары ет тапсыру жөнінде мем...

...дайындау орындары малдың күтімін жақсартып, оның өнімділігін арттырудың нақтылы шараларын белгілемейді, бұл мәселеге жеткіліксіз басшылық жасайды.

Мал шаруашылығына, әсресе оны өнімдерін дайындауға жеткіліксіз басшылық жасалғандықтан бірқатар колхоздар мен совхоздарда мал өнімдері дұрыс есепке алыпбай, талан-таражға түсуде. Ал, мұның өзі кейбір шаруашылықтарда мал өнімдерін дайындау жөніндегі тағайындалған жоспардың жылма- жыл орындалмауының негізгі себебі болып отыр. Мәселен, осы жылғы 9 айдың ішінде Преснов және Приешім аудандарының бірсыпыра колхоздарында бағалы мал өнімдерінің бірі —сүт талан-таражға түсті, ысырапқа ұшырады. Приешім ауданындағы «Бостандық» колхозының басқарма мүшелері сүт дайындау жоспарының орындалмауына қарамастан 2 центнер сүтті орынсыз сатып, мал өнімдерін дайындау ісін көрінеу олқылыққа ұшыратты. Сол сияқты, Преснов ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың мал фермаларында сауылған сүт мұқият есепке алынбайды. Мұның өзі осы жылдың бірінші жартысында аталған колхозда жүздеген литр сүттің талан-таражға түсуіне әкеліп соқты.

Мал өнімдерін дайындау совхоздарда да өз дәрежесінде емес. Жекелеген совхоз директорлары мал өнімдерін дайындауды арттыруға жете назар аудармайды, оған күнбе-күн бақылау жасап отырмайды.

Мысалға Киров атындағы совхозды алайық. Бұл —мал шаруашылығы өркендеген совхоздардың бірі. Осыған сәйкес мұнда малды жақсы күтімге алып, мал өнімдерін ...

Сын және библиография

# „АҚ ҚАЙЫҢ“

«Ақ қайың» романы миллиондаған совет оқушыларының ұнатып оқыйтын кітабына айналды. Оның авторы Михаил Семенович Бубеннов көркем сөздің талантты шебері есебінде бүкіл елімізге, халықтық демократия елдеріне белгілі жазушы.

«Ақ қайың» романы Ұлы Отан соғысының тақырыбына арналған. Бұл романда партияның басшылық ролі, коммунистердің бейнесі көңілге қонымды және жанжақты суреттелген. Романдағы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері, олардың өсу жолдары өте шебер беріліп, бір адамдардың жақсы, адал, әділ, батыл, көреген болуының, енді біреулерінің оңбаған, сұмпайы, опасыз болу себептерінің заңдылықтарын жазушы ашып, талдап отырған. Кітапты оқып отырғанда жазушы мен кейіпкерлердің әрбір сөзіне шексіз ыйланып отырасыз.

Романның басты кейіпкерлерінің бірі—капитан Озеровты алыңыз. Капитан Озеров—біздің заманымыздың геройы. Ол —коммунистік партияның өкілі, өйткені, ол партия мүшесінде болуға тиісті барлық жақсы қасиеттерді өз бойына жыйнаған адам.

Полк командирі майор Волошиннің қорғану ұрысында жіберген қатесін бірінші көрген Озеров. Вазуза өзенінде полкты қорғаныс ұрысына батыл әзірлеуші де сол. Әрқашан жауды жеңуге ең қажетті қасиет—жауға деген өшпенділік пен Отанымызға деген сүйіспеншілікке совет жауынгерлерін баулыйтын, үйрететін де коммунист Озеров.

Озеров Совет Армиясының офицері, капитан. Бірақ, ол бұйрық берумен ғана іс бітті деп есептейтін командирге ұқсамайды. Ол бұйрықты да бере біледі, бұйрықты орындаушы солдатты бұйрықты мүлтіксіз орындауға алдын-ала үйрете де, әзірлей де біледі.

Бір фашист-ұшқыш қолға түседі. Андрей Лопухов және басқа солдаттар гитлершіл баскесердің өлеусіреген түрін көріп, аяйды да оны тамақтандырады. Мұны Озеров көріп:

«—Тамақ әкелген кім? —деп сұрайды. Андрей ұшып тұра келеді де:

—Мен едім, жолдас капитан!

—Немене, оны тамақтандыр деп саған біреу бұйырды ма?

Андрейде үн жоқ.

—Немене, оны тамақтың тізіміне кіргізіп пе едіңдер?

—Ол өзі тамақ сұрады,—дейді, Андрей ентіге сөйлеп.

—Аһа, түсінікті... Сен оны аяп кеттің? Өйткені, сен мейрімді адамсың ғой? Енді қалай? Ол шаршаған шығар? Ол таңатқаннан бері қара жолдарды бойлап ұшып, біздің адамдарымызды өлтірумен болды ғой!»

Андрей Лопухов жауға мейрімсіз болуды енді жете түсініп, Москва түбіндегі ұрыстарда тамаша ерліктер көрсетеді.

Бірақ, талантты жазушы М. Бубеннов гвардия майор Озеровты ешқашан да қателеспейтін, бірден мінсіз адам етіп көрсетпейді. Жазушы өмір шындығын айнытпай, орынсыз әсірелемей көрсетуге тиіс. Оқыйға заңдылықпен дамып, ұнамды герой жағдайға байланысты өсіп отырса, ондай шығарма нанымды, тартымды болады. Бубеннов Озеровты дәл осылай етіп суреттеген. Озеров өзін өзіне қатты талап қоятын адам деп есептейді. Бірақ, бір ұнамайтын жері басқа адамның бойындағы қасиеттерін толық, жете біліңкіремегендіктен ол басқа адамдарда өзіне қатты талап қою қасиетінің барлығына сенбейді. Сондықтан өзім болмаған жерде, өзім басқармаған ұрыс не болар екен деп тыныш таппайды. Москваға жақын Садкиде болған шешуші ұрыста майор Озеров жараланады. Полкқа ұрыс даласында қол басшылық жасау ісі жаңа келген комиссар Брянцевқа тапсырылады. Майор Озеров шешуші ұрыс немен аяқталар екен деп қатты тынышсызданады. Комиссар Брянцев басқарған ұрыс жауға елеулі соққы беріп, ол жеңіспен аяқталады. Озеров өзінің орынсыз тынышсызданғанын, өзінің әлі адамдарды аз білетіндігін енді түсіне бастайды.

Романның екінші кітабында Озеров арқылы кәміл толыққан партиялық әскери басшының дәрежесіне көтеріледі. Ол табысты жақындату үшін өзінің күш-жігерін, білімін, өмірін толық ортақ іске жұмылдырған, келешекті болжай білетін, оқыйғаның бет алысын бақылап, дұрыс аңғарып отырған нағыз совет командирі болып көрсетіледі. Ол бір жеңіске қолы жеткенде екіншісін жеңіп алуды ойластырып, жеңістердің үшінші, төртіншісін алдын ала болжап отырады. Табысқа мастану—оған жат нәрсе. Озеров тынымсыз жұмыс пен күрестің адамы.

Романда комиссар Яхноның бейнесі көңілдегідей берілген. Комиссар болған бөлімше мен комиссар әңгімелескен солдаттардың жеңіске деген сенімі арта бастайды. Ол баладай кішіпейіл, еңбек адамындай қарапайым, адамға туыстай жақын, бірақ, хауіп кезінде батыр, байсалды, қыйындықты жеңуге келгенде қатулана білетін қайсар, табанды большевик. Яхно капитан Озеровты да «жеңістің исін сезіп отыруға» үйретеді.

Романда кіші командирлер мен солдаттардың образдары ойдағыдай жасалған. Әсресе, сержант Матвей Юргиннің сөзі мен ісі, оның ой-өрісі, ар-ұятының кіршіксіз тазалығы, оның адамға деген сүйіспеншілігі кестелі суреттермен берілген. Юргин туралы сөз болғанда-ақ ұзын бойлы, болмашы еңкіштеу келген қара торы жас жігіт көз алдыңа елестей кетеді. Екінші кітапта Матвей Юргиннің бейнесі дамып, оның жан дүниесі бұрынғыдан да сұлуланып, жаңа сатыға көтерілген. Ол кәзір гвардии лейтенант. Жауынгер қыз Леня Малышевамен кездескенде әрі көрікті, әрі ақжарқын, әрі батыр қыздың өзін ұнатқатынын білгеннен кейін ол танымастай болып өзгеріп кетеді. Матвейдің ісімізідің жеңетіндік сеніміне махаббат сезімі, махаббат қуанышы қосылып, оның жандүниесі жарқырай түседі, күші, жігерқайраты арта түседі.

Бір сөзбен айтқанда сүйіспеншілік сезім патриоттық сезіммен қосылып, Юргинді батырлық істерге рухтандырғанын Бубеннов асқан шеберлікпен суреттейді.

Жазушының сүйікті геройы солдат Андрей Лопуховтың бейнесі —әдебиетіміздегі сәтті шыққан образдардың бірі.

Андрей —тұтас тұлға. Оның мінезіндегі ерекшелік—айнымастық. Отанға қандай адал болса, өзінің жас әйелі Марийкаға да сондай адал, айнымайды. Ол Совет Армиясы солдаттарының ғана өкілі емес, сонымен қатар, ол орыс адамдарының, орыс халқының өкілі. Андрей сөзге өте сараң кішіпейіл, достыққа айнымас адал, сенімді. Ол көп сөйлемейді, ал, пікір білдіру қажет болғанда ол бүкіл халықтың ойын айтады. Москва үшін ұрыс болып жатқанда: «Москваны беру —өзіңнің жаныңды беру деген сөз ғой. Мен осылай түсінемін» дейді Андрей.

Жаудың тылында қалып, неміс басқыншыларына қарсы күрес жүргізген Макариха, Марийка, Осип Михайлович сыяқты колхозшылардың бейнелері де романда шындығында қандай болса, сондай болып шыққан.

Гитлершіл жендеттер колхоздың шаруашылық меңгерушісі Осип Михайловичті дарға асқалы жатады. Сталин жолдас айт қандай, ол бірде-бір дән жаудың қолына түспесін деп колхоз астығын өртеп жіберген болатын. Қарт Лопухов басқыншыларға Осип Михайлович партияда болған кісі емес деп дәлелдеуге қаншама тырысса да колхозшы өзін большевикпін дейді.

«—Партия
большевикпін
және... ертеде
өртедім. Мен!
дастың нұсқа
мыналарға...
гіштерге қалм

Жазушы кі
насындағы қа
әшкерелейді.
вой, сержант
ұсқынсыз кей
йы етіп көрсе

Идеялық тұ
ге әкеліп соқ
Лозневой арқы
—қорқақ. Ол
иіп, тізесінен
седі, сонансоң
тейді. Ақыры
бастығы болы
ашық күрес

Патриот-жа
қыншыларын
аюандық қый
үлкен өшпенді

Жазушының
арасындағы ба
оқушыны үнем
ды. Әсресе, го
кен жауынге
әңгімелескен ж
ңында өте күш
әрбір сөзінен
ген шексіз сүй
партиясына бе
тағдыры ұлы С
партиясының
тия жеңістерім
не оған дембер
ніп тұрады.

«...Міне, осы
Юргиннің алды
дап келген Ста
бермеске болма
ерекше, таңқал

—Бұл Сіз бе



тазалық

комсомол
ы мен су-
венштейн.

туға

ысал келті-

орта мекте-
Кочешкова,
3 студент
ң маманды-
сын тексер-
икалық өте
байқалды.
беру, тап-
ді. Ал, оқы-
шығарып
рдың өзді-
н-өзі түсінік
абақты сү-
білмейді.
оқушылар-
өткізіп ала-
індіруге уа-

# Кореядағы оқыйғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 23 октябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін өткен күні Халық армиясының Құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе қыймыл жасай отырып, Батыс майданның жекелеген участоктерінде дұшпанға қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Кораншхори ауданында американдар 3 батальондай әскерлерінің күшімен 14 рет күшті атакалар жасады, алайда, шығынға ұшыратылып, кейін шегеріліп тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар бейбіт елді аудандарға аюандықпен шабуыл жасауға қатысқан дұшпанның 8 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зыяндады.

ПХЕНЬЯН, 29 октябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 29 октябрь күні былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары өткен күні Батыс және Орталық майдандардың жекелеген участоктерінде дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Кеше түнде «В-29» американ бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегіндегі бейбіт селоларды аюандықпен бомбалауға ұшыратты. Осы бомбалаудың нәтижесінде көптеген балалар, қарттар және әйелдер қазаға ұшырады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зыяндады.

## КОРЕЯДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ ТОҚТАТЫЛСЫН

ОТТАВА, 28 октябрь. (СОТА). Бейбітшілікті қорғаудың Канада комитетінің председателі Эндикотт Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас

# Бонн соғыс келісіміне қарсы, біртұтас Германиямен әділетті бітім договорын жасау үшін!

БЕРЛИН, 28 октябрь. (СОТА). Бонн және Париж соғыс договорларын ратификациялауға қарсы Батыс Германия халқының қарсылығы күн санап өсуде. Бейбітшілік үшін, осы договорларды ратификациялауға қарсы күреске Рур еңбекшілері белсене қатысуда. Бүгін «Нейес Дейчланд» газетінде жарияланған Дюссельдорфтан алынған хабарда Бонн реакцияшыл билеп-төстеушілері Батыс Германияның халқына күшпен қабылдатқысы келіп отырған Бонн және Париж соғыс договорларын ратификациялауға қарсы Рур облысының мыңдаған тұрғын адамдары соңғы уақытта көптеген адамдар қатысқан жыйналыстар мен митингілер өткізгендігі айтылған.

Көптеген қарарларда жыйналыстар мен митингіге қатысушылар Бундестаг депутаттарын жалпыгермандық келіссөзді мұнан әрі созып, соғыс договорларын ратификациялауды болдырмауға шақырады.

Газет Люденшейд қаласында бейбітшілікті қорғауға арналған митингіде Бундестаг депутаты Елена Вессельдің сөз сөйлегендігін жазады. Ол қаланың барлық тұрғын адамдарын соғыс договорларын ратификациялауға қарсы батыл күреске, Германиямен бітім договорын жасау жөніндегі Совет Одағының ұсыныстарын жүзеге асыру күресіне шақырған. Мұнан әрі газет бейбітшілікті қорғауға арналған жыйналыстар мен митингілер Рур облысының басқа да қалаларында, соның ішінде Кастроп -Рауксель, Дуйсбург және Гладбекте де болғандығын жазады.

Герденде болған Германия Коммунистік партиясының бір жыйналысында қаланың көптеген тұрғын адамдары соғыс договорларын ратификациялауға қарсы шығып, жалпыгермандық келіссөзді жүргізуді және Германиямен бітім договорын жасасуды талап еткен. Жыйналысқа қатысушылар Аденауэрдің халыққа қарсы үкметін орнынан түсіруді бірауыздан талап еткен.

# Бонн өкмет орындарының озбырлығы

## БАЙРЕЙТТЕ ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНАН КЕЛГЕН МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ТҰТҚЫНДАУ ЖАЙЫНДА

БЕРЛИН, 28 октябрь. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, Батыс Германия өкмет орындары мәдениет қайраткерлерінің жалпыгермандық конференциясына Байрейтке келген Герман Демократиялық Республикасының заңсыз тұтқындалған мәдениет қайраткерлерін сотқа беруге ұйғарған.

Алдын ала тұтқындалған Герман Демократиялық Республикасы өкілдерінің арасында Берлиндегі Мемлекеттік неміс операсының көркем жұмысы жөніндегі жетекшісінің бірінші орынбасары доктор Альмерот, Лейпциг университетінің профессоры Зух, Дрездендегі жоғарғы техникалық мектептің профессоры доцент Штамм, Гумбольт атындағы Берлин университетінің профессоры Гертруда Розенова

оқытушысы Гертруда Зассе, Германиянын Демократияшыл -либерал партиясының белгілі қайраткері Отто Такке, Берлин режиссері Готфрид Герман және басқалары бар.

Бонн өкмет орындарының осы жаңа арандатушылық әрекеттеріне қарсы тұтқынға алынғандар батыл түрде наразылық білдіріп, өздерін дереу тұтқыннан босатуды талап еткен.

Неміс мәдениет қайраткерлерінің жалпыгермандық конференциясын даярлау жөніндегі комитет Байрейттің обер- бургомистріне наразылық білдірген телеграмма жолдап, конференцияға Герман Демократиялық Республикасынан келген мәдениет қайраткерлерінің заңсыз тұтқынға алынғандығын атап көрсеткен.

# ҚЫТАЙ-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ АЙЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫНДА

## Халықтық саяси консультативтік Советтің бүкілқытайлық комитетінің хабары

ПЕКИН, 28 октябрь. (СОТА). Бүгін орталық газеттер халықтық саяси консультативтік Советтің Бүкілқытайлық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы құрметіне Қытайда өткізілетін қытай-совет достығының бір айлығына байланысты хабарын жариялады.

Хабарда 7 ноябрьде Ұлы Октябрь социалистік революциясының болғанына 35 жыл толады делінген. Бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың жеңісін алдын-ала анықтаған бұл ұлы күнді лайықты түрде атап өту үшін, социализм орнату ісінде Совет Одағында қол жеткен орасан зор табыстар бүкіл қытай халқын социализм мен коммунизмнің рухында тәрбиелейтіндей болу үшін, ССРО және қытай халықтарының арасындағы ұлы достық пен одақты бұрынғыдан да кеңінен дамытып және нығайту үшін, қытай-совет достығы Қоғамы ноябрьдің 7-нен декабрьдің 6-на дейін бүкіл Қытайда қытай-совет достығының бір айлығын өткізуді ұйғарды. Халықтық саяси консультативтік Советтің барлық провинциялық, қалалық және уездік комитеттері қытай-совет достығының айлығын өткізу ісінде қоғамның жергілікті бөлімдеріне жан-жақты көмек көрсетуге тиіс.

## АҚШ-пен СОҒЫС КЕЛІСІМІН ЖАСАУҒА ҚАРСЫ

### Бразилияда ұлттық күрес комитеті құрылды

МОНТЕВИДЕО, 28 октябрь. (СОТА). Бразилияның «Импренса популар» газетінің хабарына қарағанда, Бразилияда АҚШ-пен соғыс келісімін жасауға қарсы Ұлттық күрес Комитеті құрылған. Комитеттің председателі болып генерал Эдгард Бухсбаум сайланған.

Комитет бразиль халқына үндеу жариялап, онда АҚШ-пен жасалған соғыс келісімін Конгрестің ратификациялауына қарсы күреске шақырған.

Алайда, одақтың көптеген кадрлары совет саудасының ережелері мен принциптеріне жат қылықтар жасап, мемлекет мүддесіне зиян келтіреді. Батырев жолдастың «қаблетті» деп іріктеп алған кадрларының өзі совет саудасына жатпайтын жат қылықтар жасап, қоғам мүлкін талан-таражға салып келді. Оған бірнеше факті келтірейік. Батырев жолдастың қолдауымен Железное селолық тұтынушылар қоғамында маскүнемдік пен тұрмыс азғындығына салынғандықтан 1947 жылы тұтынушылар одағынан қуылған Ф. Количконы адал қызметкер деп 1951 жылы орталық дүкенге сатушы етіп қойды. Бірнеше рет жат мінездері сезіліп шығарылған Количко Преснов тұтынушылар қоғамының председателі Никонова және Батыревтың қолдауымен тұтынушылар қоғамы қоймасына меңгеруші болып орналасты. Количко онда да 2500 сом қоғам мүлкін шашып, қызметтен қайта қуылды.

Өндіріс товарлары дүкендегі сатушы К. Никитина 700 сом ақшаны өз қулқына жаратқаны үшін қызметтен шығатейтін Апретова 1952 жылы февраль айында 3600 сом сауда орнының ақшасын шашқандығы үшін дүкеншіліктен босатылған болатын. «Қылмысты ісі суып» ол 1952 жылы октябь айында сол дүкенге қайтадан орналасты.

Батырев пен Никонова жолдастардың дүкен сатушылығына қолы суықтығы үшін босатылған дос-жарандарын есеп жұмысына орналастыра салатын әдеттері де бар.

Л. Койгорцева деген сатушы кезінде 2600 сом ақша шашқандығы үшін қызметтен шығарылған еді. Бірақ, Никонова айырылмас достығы үшін Л. Койгорцеваны Преснов тұтынушылар қоғамының есепшілігіне отырғызды.

Тұтынушылар Преснов аудандық тұтынушылар одағының басшылары сауда орындарын аузы жақын, қолы суық сұғанақтардан тазартып, көпшіліктің тұрмыстық тілегін орындайтын орындарға саяси жағынан сенуге болатын, іскерлік қаблеті бар адал адамдарды қойса екен дейді.

**М. ӘКІМЖАНОВ,**
**(Өз тілшіміз).**

*СОТ ЗАЛЫНАН*

## Колхоз дәулетін ұрлаушылар сазайын тартты

Петропавл ауданындағы Чапаев атындағы колхозда егін, шөп күзетшісі болып істеп жүріп Реш дейтін адам № 1 совхоздың «Зерновое» участогінің қойма меңгерушісі Дорус Кельбах дейтінмен қылмысты байланыс жасап, даладан 770 килограмм астық ұрлайды. Олар ұрланған астықты Кельбахтың үйіне алып барып жасырып қояды.

Сонымен бірге, Реш Чапаев атындағы колхоздың сенім қағазымен пайдаланып, шөп тиеп өтіп бара жатқан азаматтардың шөбін заңсыз тартып алып, «жасырын орынға» төгіп отырған. Сөйтіп, № 1 совхоздың жұмысшысы Дорсун Садуақасовпен бірлесіп, ол шөпті қалаға әкеліп сатқан, оның ақшасын өзара бөлісіп алған.

Петропавл аудандық халық соты осы жылғы 23 октябрьде бұлардың ісін қарап, ССРО Жоғарғы Советінің 1947 жылғы 4 июньдегі «Мемлекет және қоғам мүлкін ұрлағаны үшін бас жауапкершілігіне тарту туралы» Указы бойынша Реш 15 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге, бес жылға правосынан айыруға және мал-мүлкін конфискелеуге, Кельбах 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге, 2 жылға правосынан айыруға және барлық мал-мүлкін конфискелеуге, Садуақасов 8 жылға еңбекпен түзеу лагерінде ұстауға және мал-мүлкін конфискелеуге үкім етілді.

**Л. ФЕЙГЕ,**
**Петропавл аудандық прокуроры.**

барына қарағанда, Нгиа-Лода (Солтүстік-Батыс Вьетнам) жуырда болған ұрыстарда Вьетнам халық армиясының бөлімдері қолға түсірген француз офицерлері мен унтер-офицерлері және солдаттары Үнді-Қытайдағы экспедициялық француз корпусының офицерлері мен солдаттарына үндеу жариялап, онда француз империалистерінің Вьетнамдағы агрессиясы талқандалуға тиіс екендігін көрсете келіп, корпустың офицерлері мен солдаттарын соғысты тоқтатып, елге қайту үшін күресуге шақырады.

### ГОЛЛАНДИЯДА БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ЖЫЙНАЛЫСЫ

ГААГА, 28 октябрь. (СОТА). Лейденде бейбітшілікті жақтаушылардың көп адам қатынасқан жыйналысы болды. Онда Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі пастор Гуго Ван Дален сөз сөйледі.

Бейбітшілікті қорғаудың жуырда болатын халықтар Конгресіне тоқтала келіп, Ван Дален бұл Конгресс бейбітшілікті тілеуші адал ниетті барлық адамдар үшін трибуналық қызмет атқарады деп мәлімдеді. Ван Дален Батыс Германияны милитарландыру және оны американ-ағылшын империалистерінің соғыс жоспарларына енгізу Голландияның халқына тікелей хәуіп төндіріп отырғандығын атап көрсетті.

Ван Дален өзінің сөзін бейбітшілікті сақтау үшін күреске өздерінің жігер-қайратын толық беруге адал ниетті адамдарды шақырумен аяқтады.

### ЖАПОН ЭЛЕКТРШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ТОКИО, 28 октябрь. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін қатарында 120 мың адамы бар Жапонияның электр өнеркәсібі жұмысшыларының Ұлттық одағы кезекті 8 сағаттық ереуіл жариялаған. Ереуіл жасаушылар жалақының арттырылуын талап етуде. Сол сияқты, ертең де 8 сағаттық ереуіл жасау уйғарылған.

[illegible] Вашингтонның «Стар» газетінің тілшісі Браун Париждан берген хабарында былай деп жазады:

«Егер Россиямен соқтығыс бола қалған жағдайда, ағылшын және французлармен бірлесіп жұмыс істеуге біз толық сенеміз деп Құрама Штаттардың жауапты басшыларының сан қайталап айтуы кәзір өкмет басында отырған ағылшын және француз үкметтерінің позициясын ғана білдіреді... Солтүстік-Атлантика одағының тірегі болып отырған елдерді кәзіргі уақытта басқарып отырған адамдар Солтүстік-Атлантика одағына берілген, бірақ олардың саяси позициясы әлсіз...

[illegible]
каруландыруға ты
ды-ақ. Қатардағы
миының бір бөлігі
қайтадан каруланат
қайтадан Европаға
мемлекет болатынды

Орталықты, тіпті
тарды жақтаушы
парламентарийі өзі
лай ойлайтын болса
лайтындығын еңал
шан да Францияны
емес және кәзіргі
ның жауы емес ек
салады».


*Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“*

**1953 жылға**

**жазылушылар қабы**
**бастайды**

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта
кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, к
совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық ек
жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің ме
тұруын қамтамасыз етеді.



Еңбек резервтері Министрлігінің Солтүстік Қазақста
масы ФЗО мектептеріне және Қарағандыдағы кен өнерк
оқушылар алады.

ФЗО мектептері мен кен өнеркәсібі мектептері пар
проходчиктер, ағаш шеберлерін, тасшылар дайындайды.

Мектептерге 16—17 жастағы, паровоз кочегарлығы
жастағы жас өспірімдер қабылданады.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы,
үйге, еңбек резервтерінің облыстық басқармасына, қалал
ғы қабылдау комиссиясына, селолық жерлерде ауданды
жанындағы өкілдерге келіп түсінік алуға болады.



РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактор
партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе

УШ 02605 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18